

АйҚАП

Қоғамдық-саяси,
әдеби-көркем журнал



Қыркүйек-қазан, 2013 жыл

№5



Жанат қажы ЕЛШІБЕК

ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕҢ МЕККЕ

Осыдан екі жыл бұрын белгілі қаламгер, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Жанат Елшібек Мекке-Мединеге барып қайтқан еді. Осы қасиетті сапар жайында, мұсылмандық парызын орындау кезіндегі көргендерін баяндайтын сафари-хикаят дүниеге келген. Жазушының осы туындысынан енді оқушы назарына үзінді жариялап отырмыз.

Зәмзәмнің қасиеті мен құпиясы

Көзімнен ыршып түскен жалғыз тамшы бетімді сызған бойы Қаузыма тамған. Кермек дәм, маңдайымнан сорғалаған кәдімгі тер моншақтары емес. Шынымен-ақ жылап келеді екенмін. Қалың дүрмекпен бірге біздің журналистер тобы да Қара тасты шыр айналып жүрміз. Қағбаны жеті рет айналу – тәуәп. Әрбір айналым «Шаут» деп аталады. Алғашқыдағы өрекіпген көңіл сәл саябыр тауып, кеудемнен шығып кетердей атқақтап тулаған жұдырықтай жүрегім де тыншыған тәрізді. Төртінші, бесінші, алтыншы... айналым. Қарсы беттегі зәулім мұнарадағы жасыл цифрлы сағатқа әлсін-әлсін қараған топ бастаушымыз әр айналымның уақытын да жаңылмай ескертіп қояды. Үздіксіз жалбарынған, құлшылық еткен адамдардың өксік қысқан үндері құмығып естіледі. Тіпті, өздерін-өздері ұстай алмай, бора-борасы шығып, көздеріне жас толып, ағыл-тегіл егілгендер де жеткіліксіз. Қатар-қатар жұптарын жазбаған әйелдердің көбі жүздерін көрсетпей бүркемелеп алса, ихрамдарының оң иығын жалаңаштап алған ерлердің қадамдары сенімді де нық. Жаратушының өзі

сүйсінерліктей. Ақиқатында құдіреті күшті Алла тағала бәрін де біледі, бәрін де естиді, бәрін де көрсе керек. Қағбаның Қара тас тұрған бұрышына тақағанда айтылатын тәкпір, Йемен жақтағы бұрышы мен Қара тас тұрған бұрышы аралығында айтылатын дұғаны қайталаған дауыстар жігерлі шығады. Алла тағалаға арнап үздіксіз мадақ-мақтау айтқан тәуешілердің көңіл хошын сөзбен суреттеу еш мүмкін емес. Шенбер жол қусырылған мезетте есебін тауып қасиетті Қара тасты алақандарымен сипап, сүйіп қалуға ұмтылады. Әрине, оп-оңай жақындай алмайсыз. Мен де сәтті мүмкіндікті мүлт жібермей, алтыншы айналымды тауысып, соңғыға жеткенде қасиетті Қара тасқа ернімді тигізіп, алақаныммен екі-үш мәрте сипадым. Сондай-ақ, ежелгі Байтолланы тұрғызған Ибраһим Мақамын алақаныммен аялай ұстап, зиярат еттім. Бұл – Пайғамбарлар атасы Ибраһимнің Қағбаны тұрғызғаннан кейінгі қажылыққа адамдарды шақырған кезде үстіне шыққан тастың тұрған жері. Хазірет Халилулла (Алланың досы) табанының ізі қалған тас осында сақтаулы. Тәуәп етіп болғаннан соң, оның жанына барып екі рәкат намаз оқу – сүннет. Құранда былай дейді: «Кезінде үйді (Қағбаны) адамдар жиналатын орын және тыныштық мекені етіп бердік. Тәуәп қылушылар, ғибадат етушілер, бас иіп сәжда жасайтындар үшін менің үйімді (Қағбаны) таза ұстауды Ибраһим мен Ысмайыл екеуіне тапсырдық». («Бақара» сүресі, 125-аят). Жеті рет айналғаннан кейін, тура Қағбаның түбінде сапарлас әріптестеріме ілесіп тауап намазына жығылдым. Бұдан асқан нәсіп, бұдан артық бақыт болмас, сірә!..

Жүздерін имандылық нұры аймалап, кеуделерін қуаныш кернеген біздің топ Қағбаның іргесіндегі зәмзәммен шөл қандырып, кезекті парыз сағиды – Сафа мен Маруа арасын жеті мәрте жүріп өтуге асыққан.

Сафа мен Маруа (Мәруа) әфсана-аңыздарда түрліше – тау, төбе, жота, қырат деп аталады. Бұған дейінгі менің санамдағы түйсік те, ұғым да өзгеше-тін. Жан-жағыма алақтап биіктеу жер бедерін іздеймін. Заманында құлазыған шөл далада зорайып көрінген шығар. Қазір мүлдем басқаша елестейді. Жатаған дөңес. Қос төбенің арасы 350 метрге таяу. Ығы-жығы халық, аяқ алып жүру қиын. Қағбаға тәуәп жасап шыққан қажылар Сафадан Маруаға төрт, Маруадан Сафаға үш рет шапшаң жүріп өтуі міндетті. Тәңірі жазған шарт. Екі аралықтағы жүгіретін бөліктер жасыл шамдармен көрсетіліпті. Шатастырып алмайсыз. Сафадан басталып, Маруамен аяқталады.

Сафа мен Маруаның үстінде тұрғанда айтылатын өз дұғалары бар.

Пайғамбарымыз (с.ғ.у.) Сафаға жақындағанда Бақара сүресінен мынадай аятты оқыған. «Негізінде Сафа, Маруа Алланың белгілерінен. Сафа және Маруада жүру – Тәңірі жазған жоралғы. Кімде-кім бір ізгілік жасайды екен, Алла оған дән риза және оны жақсы біледі».

Көңілде қимастық, соңымызға жалтақ-жалтақ қарай береміз. Аса


жоғары сапалы жібек талшықтарынан тоқылған Қара мата (қисуа) биіктігі 15 метрлік текше (құбыла сөзі, осы «куб» дегеннен шыққан) тасты тұтастай көмкеріп тұр. Табанының аумағы 12х10 м болып келетін Қағба бұрыштары дүние бөліктерінің бағдарына сай орналасқан. Арабтың «Сұльсом» каллиграфиясымен жазылған Құран аяттарының әр әрпі, әр таңбасы арнайы жасалған алтын, күміс жіптермен әдіптеп тігіліп, зерленеді. Елдегі қалыптасқан дәстүр бойынша мұндай маңызды да, жауапты міндетті шебердің шеберіне жүктейтін көрінеді. Ұзындығы 50, биіктігі 15 метр бұл жамылғы жыл сайын Құрбан айт айында жаңартылып, ауыстырылып тұрады. Жамылғының ең негізгі тұсы Қағба есігіне қапталған перде. Биіктігі 6,5, ені 3,5 метрлік перденің бетіне, шымылдық қаптаманың жоғары жиектеріне жағалай қасиетті сөздер жазылған. Алтындатып өрнектелген жазуларды кез келген мұсылман ажыратып, оқыса керек. «Алладан басқа құдай жоқ», «Мұхаммед – Алланың елшісі», «Ғаламды жаратушы Аллаға мадақ пен мактау», «Сенің ешбір серігің жоқ» тәрізді құран аяттары. Әрине, жалғыз-жарым ісмердің қолынан келер оңай шаруа емес. Бүкіл әулет боп жыл бойы тапжылмай отырып, көз майы мен қабілеттерін бағыштайтын секілді. Қажылық сапары кезінде жергілікті газет-журналдар осындай шеберлер әулетінің суретін жарыса жариялағанын өз көзімізбен тамашаладық. Орасан еңбектің – маңдай тердің бағасы да қыруар. Жыл сайынғы шымылдық-жамылғының құны мөлшермен 20 миллион Сауд риалына пара-пар.

Қағба туралы, Қасиетті қара тас жайындағы толғаныстың тиегі ағытылғанда Зәмзәм бұлағы тасада қалмасы анық. Ендеше, әңгіме арнасын солай қарай бұралық. Әл-Харам мешітінің ішіндегі ғажайып құбылыстардың бірі саналатын қасиетті су хақында шертілер сыр мен жыр да жеткілікті. Бұл күнде зәмзәмді ісі мұсылман қауымы біледі десек артық айтқанымыз емес. Өйткені, шипалы су жөніндегі әфсаналар мен риуаяттар көп-ақ. Қайсыбірін әке-шешелеріміз бен үлкендердің ауыздарынан біз де естігенбіз. Аңыз бен хикаялардай елітіп тыңдағанбыз, таңдайымызды тақылдатқанбыз. Қазіргі өркениеттің талабына сай, әлденеше қатарға жыпырлатып тізілген, заманауи технологиямен жабдықталған алтындалған, күмістелген шүмектерден сарылдаған зәмзәмді біз де құмарлана жұтып тұрмыз. Мейірленіп, рахаттанып ішкенбіз. Қаталап қалғандаймыз ба, қалай?.. Аңсарымыз ауғандықтан шығар. Әйтпесе, аңқамыз кеуіп, көмейіміз құрғайтындай шөл қайдан болсын... Үйме-жүйме жұрт бірінен соң бірі қатар-қатар тізілген стақандарға қол созып, бұлақ шүмектерін ағытуда. Танданыстарын ірікпеген:

– Қандай дәмді!..

– Салқындығы ұнады. Тамағымды қарыған жоқ.

– Қорықпаңыз, ангинаяңыз болса, жазылып кетеді...



– Шипасы мол, қасиетті су ғой.

– Зэмзэм десе зэмзэм!..

Ә дегенде екі стақанды төңкеріп, сәл-пәл ойланып тұрғанымды байқай қойған алжирлік әріптесім мез-мейрам күйі, екі қолын ербеңдетіп бірдеңелерді түсіндірген болды. Онысын ұға қойдым. «Екі көзіңді жу, бетіңді жу... Бәлкім, шипасы тиер...» Көзілдірік киіп жүретінімді мензегендей. Мен бет-ауызды, көзімді шайып, үшінші стақанды сімірдім... Неткен рахат! Жүп-жұмсақ, жүре береді. Маңдайым бұршақтап, жүйкем балбырап шыға келген...

Айтпақшы, зэмзэмға қатысты өзекті аңыздың негізгі жүлгесін еске түсірейікші: Ибраһим пайғамбардың әйелі Сара көңіліне келген қызғаныштан Ажарды жақтырмайды. «Бұл да Алланың әмірі шығар» деп күндердің-күнінде Ажар мен кішкентай ұлы Ысмайылды (Смағұл) құм-шағылды, елсіз-сусыз далаға апарып тастатқызады. Елсіз шөлді мекеннің аты Бәкка (Мекке) еді. Жапан құла түзде шырылдаған нәресте қатты шөлдейді. Қаталаған баласына су іздеп, аласұрып екі төбенің арасында ерсілі-қарсылы бәйек боп зыр жүгіреді. Аллаға жалбарынып жәрдем тілейді. Рахымы мол Жаратушының әмірімен жанұшыра екі аяғын тепкілеп жылаған сәбидің өкшесі тиген жерден бұлақ шығарады. Сөйтіп, екі ғаріп аман қалады. Бұрқақтап атқылаған қайнар қазіргі Зэмзэм бұлағы екен. Айдаладағы суға аспандағы құс айналып, керуен көштері аялдайды. Бәрі де шөлдерін қандырады. Келе-келе осы керуен бекетінде үлкен шаһардың қабырғасы қаланады. Алланың әмірімен Ибраһим пайғамбар (с.ғ.у.) ұлы Смағұл екеуі Байтулланың негізін тұрғызады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.у.) осы қалада туып-өскен. Қырық жасында пайғамбарлық та осы Мек-

кеде келген. Пайғамбар туған жылы йемендік Абраһа пілге мінген іскерлермен келіп, Қағбаны талқандап тастағысы келеді. Бірақ, Алланың қаһарына ұшырап, жеңіліс табады.

Міне, бүгінгі Исламияттың ұлы кіндігі Мекке қаласының іргетасы осылайша бой көтеріпті. Теңіз деңгейінен 330 метр биіктікте орналасқан шаһарды арабтардың өздері «Макка мүкәрама» (қасиетті Мекке), «Умм-әл-Кура» (қалалардың анасы) деп аса қастерлеп ауызға алады. Кәусар бұлақ – Зәмзәм тұмасы да неше ықылым заманнан бері үздіксіз атқылап тұр. Тек белгісіз бір себептермен Хижраның 223 және 234 жылдары уақытша тоқтап қалыпты. Ал одан кейін мұндай түсініксіз жай қайталанбаған көрінеді. Бұл да зәмзәмнің бір құпиясы болар... Қолдары қалт еткен сәттерінде африкандық журналистер Ма-тафа алаңындағы мәрмәр басқыштармен жер астына түсіп, қасиетті тұманы тамашалапты. Көрген-білгендерін қыр ғып шерткен.

Зәмзәм суының шипалық қасиеттері жайында қажылыққа барып қайтқандардың аузынан жиі естиміз. «Тамағымның ауырғаны сап тыйылды», «Жөтелім қойды», «Асқазаным мазаламайтын болды», «Жүйкемнің құрысқан-тырысқаны кеткен секілді» дегендерді өз құлағыммен талай рет естідім де. Тәуелсіздіктің арқасында Мекке-Мединеге барушылардың қатары көбейді ғой. Олардың барлығы да тәбәрік ретінде таспиық пен зәмзәм әкеліп жүр. Әрине, шелектеп, тонналап көтере алмайтыны белгілі. Базарлық құтыға құйылған біре-р-жарым стақан суды тілектерін айтып, жоралғыларын жасап бүкіл отбасы мүшелерінің қасықтап ішкендеріне де куәміз. Осындайда, тіпті, ауылдағы бір әжеміз зәмзәмді қайнатып, рахаттанып, жайланып ішкісі келіпті. Қызықты қараңыз, отқа қойылған шәйнектегі су қайнамаған. Бұған неге қайран қалмасқа...

Мекке шаһарында Зәмзәм зауыты жұмыс істейді. Оның ғимаратын Қағбаға кетіп бара жатқанымызда орталық көшелердің бірінің бойынан сырттай көріп қалдық. Қанша сабылып іздесек те Жидддан ұшыратпадық. Меккенің өзінде де көрінген бұрышта сатыла бермейді. Әл-Хараммен, Қағбамен соңғы қоштасу кезінде өзіміз ат басын тіреген «Меридианнан» шамамызға қарай түр-түрін сатып алдық. Елдегі ағайын-туысқа, жолдас-жораға бұдан артық базарлық табылмас. Қайту мерзімдерінің өте тығыздығына байланысты кеше Минадан Жиддаға тіке тартқан Азер мен Дәулеткелді достардың да өтініштерін орындауға тырыстық. Нығметолла түркімен әріптесі Дәулетке арнап әшекей құтыларға құйылғанын, Альберт өз жүгінін ауырлығына қарамастан ең үлкен ыдыстағы зәмзәмді таңдаған. «Азердің сексенге келген әжесі бар екен. «Бір жұтым болса да зәмзәм әкелгейсің...» депті кейуана. Құр қол жетіп барса ұят шығар...» Автобусқа мықшындап мініп жатқан Альберттің сөзі миымнан кетсейші. Қазір де қаз-қалпында жаңғырады.

Ал, осы жолғы қажылық кезінде жергілікті басылымдар зәмзәмнің ғажайып тағы бір қасиеті туралы сенсациялық мақала жариялады. Арафатта болған күндері әріптестеріміз газеттегі жаңалықты қолдан-қолға тигізбей оқыған. Келесі күні Минаға аялдағанымызда баспасөз орталығындағы тау боп үйілген газеттердің арасынан әлгі материалды тауып алдым. Ағылшынша шығатын «The Saudi» газетіндегі мақаланың қысқаша мазмұнын түйіп жеткізейін:

...Сомалилік Әли Абдулла Рахманның зәмзәм суын ішкеннен соң құлағы естіп, «байланған» тілі қайта шығыпты. 29 жылдан кейін! Ғажап-ақ! Әли Рахман қазір Ұлыбританияда тұрады екен, әйелі, төрт ұлы бар. Өз елінде есепші болып істеген ол азамат соғысына қатысып, қатты жарақат алады. Соның кесірінен сөйлей алмай, құлағы естімей қалады. Бармаған жері, қаралмаған дәрігері болмайды. Жазылмайды, ем қонбайды. Амалсыздан мүгедектік топқа қабылданып, саусақтарымен «сөйлесетін» қимыл-ымдау әліппесін меңгереді. «Аллаға шүкір, енді мен мүгедек те, жарымжан да емеспін. Қағбаны алғаш рет тәуәп еткеннен соң, көпшен бірге зәмзәм іштім. Үлкен мешіттің маңын аралап жүргенімде бойымды ерекше күдіретті күш билегендей болды. Артынша таң намазының Фаджрін құлағым шалды. Қуаныштан жүрегім дүрсілдеп қоя берді. Жанымдағы жолдастарыма «Менің құлағым естиді» деп жылап жібердім. Олар таңғажайып оқиғаға қайран қалып, жағаларын ұстады...» Әли Рахманды қажы миссиясының жауапты адамдары Меккедегі Аджяд ауруханасына жатқызып медициналық сараптаудан өткізеді. Тексеру нәтижесі «Әлидің есту, сөйлеу қабілеті дені сау адамдармен бірдей» деген шешімді тұжырымға тоқтайды. Сирек оқиға – сирек құбылыс. Міне зәмзәмнің күдіреті мен қасиеті.

Сенесіз бе, сенбейсіз бе? Өз еркінізде...

Әңгіме орайына қарай зәмзәмға тікелей қатысты хадис жолдарын еске салғанды жөн көрдік: «Зәмзәм суы бас ауруына шипа және оған қарасан, көздің жанарын нұрландырады, дененің ыстығын басады».

Ибн Аббас риуаят еткен хадисте: «Зәмзәмді кім қандай ниетте ішсе, сол ниетіне жетеді. Егер шипа сұрап ішкен болса, Алла оған шипа береді. Пана тілеп ішсе, Алла оған пана болады, егер шөліңді қандыру үшін ішсең – шөлің қанады» деген.

...Зәмзәмға құмарымыз қанған біз Сафа мен Маруаның арасын жеті рет жүріп өттік. Бұл жоралғы да тектен шықпаған. Ажар анамыз су іздеп осы екі аралықты жеті мәрте айналыпты. Жүгіретін жерінде жүгірдік. Қиналғанымыз жоқ. Сергекпіз, сенімдіміз... Көңіл – шат, бойда – қуат.

Бір-бірімізді құттықтап жатырмыз. Маңдайының терін алақанымен сұрткен, тобымыздағы ең үлкеніміз Жапониядан келген ардагер қаламгер Абдулазиз Кубаш Сайшу күлімдей:

– Бүгін Жиддадан шыққалы он үш шақырымдай жаяу жүріппіз,
– деді ихрамының омырау жиегіне қыстырып қойған қадам өлшегіш
оймақтай аппаратына үңіліп.

Бәріміз шу ете түстік. Әрине, әрқайсымыз өз тілімізде:

– Көп пе, аз ба?..

Исламияттың ұлы ғибадатханасы

Әл-Харам аспаны күндізгідей жарық. Ерсілі-қарсылы жөнкілген нөпірдің жүздері одан бетер нұрлы. Алуан тілде сөйлеген қай-қайсысының да қуанышын айтқызбай-ақ аңғарасың. Әншейіндегі оғаш мінездің, қиғаш қылықтың қылауын да сезсеңші. Алдын-ала уәделескен жерге екі-үштен, төрт-бестен қол ұстасып жинала бастаған журналист ағайындар да бірін-бірі құттықтауда. Мәре-сәре:

– Оу, Шастур хаж...

– Бахри бей, мүбәрак болсын қажылығың!

– Иншалла, әс-салам...

– Иә, умраны сәтті өткізулеріңмен. Құттықтаймыз!

– Алла ниеттеріңді қабыл еткей!

Біздің тобымыздағы жігіттер – Дәулеткелді, Азер, Сарбан, Альберт, Шәміл, Тауфик, Ислам, Адам, Нығметоллалар да қолдарын қысып, қауқылдасып құшақтасып мәз.

Шаршап-шалдығуды ұмытқан қаламгерлер шат-шадыман қалыпта автобусқа жайғасқан. Сақина жолмен шыр айналып туннельдің үстіңгі қабатына көтерілгенде, алып мешіттің төбесіне тұс-тұсынан төне түскен, көк тіреген зәулім-зәулім ғимараттардың сұлбалары сұсты шалынған. Салон ішін ілкі сәттік үнсіздік билегендей. Сапарластарымның таңданысты көңіл күйлерін байқағаным рас. Өйткені, терезеге тесіле жабысқан олардың нені тамашалап отырғанын мен де көріп келемін. Қолдың саласындай тарам-тарам жолдар жарыса, қатарласа келіп әл-Харамның көп қақпалы Орталық алаңында түйісіп жатыр. Төңірегіне шұғылалы нұр шашқан сәулелі айқабақ мұнаралар әлгі қарауытқан ғимараттар мен таулардың аясында айрықша айбатты әрі асқақ көрінеді. Келбеті де, кескіні де керемет. Жер бетінен Құдайдың өзі қалаған осынау нүктенің бүгін таңда бүкіл Ислам Әлемнің ұлы ғибадат орталығына айналғанына көзің жеткендей.

Ылдиы кемерлей өрлеген бұралаң жол Жидда бағытындағы күретамырға ілінген бетте көлігіміздің жүрісі де, даусы да түзелген. Бірқалыпты әуенінен жаңылмай зуылдап келеді. Жұлындай тартылған тақтайдай даңғылдың өн-бойы күндізгіден гөрі сұлуырақ. Әлем-жәлем түнгі шырақтар қасқа жолдың қос қапталына алма-кезек ау-

ысып, біріне-бірі қол жалғағандай. Көз жауын арбар әдемі көрініс. Көңіл құсына қанат бітіргені даусыз. Қуақы да, әңгімешіл жүргізуші араб жігітінің тілін тапқан Азер әр нәрсені суыртпақтап отыр.

– Көне, жігіттер, бері қарандар! – деді бір кезде ол алақанын шапақтап. – Мына Могамед мырзаның сұрауы бойынша, ән шырқап көреміз. Әркім өз елінің әнін айтуы керек. Бірінші боп мен өзім айтып жіберейін... Қарсылықтарың жоқ қой...

Азердің көп-көрім даусы бар екен. «Шөп-шөп, шөжелерімді» сызылта жөнелді. Құлаққа жағымды таныс әуенге біз де қосылдық. Жайрандап, бөлекше шабыттанған эзирбайжандық әріптесіміз көпшіліктің қолпаштауымен тағы да екі-үш халық әнінің басын қайырған. Қанша дегенмен өнер адамы ғой. Арқаланып, рухтанып шыға келгені анық байқалады. Әу баста томаға-тұйық көрінгенімен, іші-бауырыңа еніп, аңқылдап сөйлегенде ежелгі танысыңмен жолыққандай әсерде боларың хақ. Қателеспеген секілдімін. Кейінірек біраз жайға қаныққан едім. «Екі кітаптың авторымын. «Екі қабат жынды әйел» деп аталатын романым жарық көрді. Таза шығармашылықпен айналысуға мұршам жоқ. Теледидардың жұмысы белгілі, күні-түні жүргенің салпылдап. Ең жақсысы, ұйымдастырған дүниенің көп көңілінен шыққаны. Мақсатым – талғампаз жұртқа жүрек қылын тербер жақсы хабар ұсыну. Әрине, ол үшін жатпай, тұрмай жұмыс істеу керек. Мен өзімнің авторлық бағдарламамды үнемі: «Күліп жүрейікші, ағайын...» деген сөздермен аяқтаймын...» Азер Қазақстан туралы, жаңа елордамыз жайында өзі білетін мағлұматтарды әңгімесіне қыстыра сөйлейді. Сондай-ақ, Абай мен Олжас Сүлейменов есімдерін жиі ауызға алып жүрді. Әр нәрсені сұрап, білуге құмар. Қазақ пен Әзербайжан тілдерінің өте ұқсас екендігін айтып, жекелеген сөздерді мысалға келтірген. Қажылық сапарға жүрер алдында намазға бой ұсынып, сәждеге басын тигізіпті. «Әсіресе, сүт намазын (таң намазы) рахаттанып оқимын» дейді мақтаныш сезіммен. Қалайша қуанбайсың...

Ән әнге ұласқан. Бояуы да, нақышы да қилы-қилы. Сезім сырын шертер сазды да, әуезді әуендер... Көңілді де шаттыққа толы әсем ырғақтар... Етжүрегіңді елжіретіп, терең мұңға шомдыратын нәзік те, назды шығыс иірімдері музыка тілімен жеткендей. Ғажап! Сөзін ұғып, тілін түсінбесең де жүректерге ұялап, көңілдерге қонақтап жатыр.

Жол танабын қуырған көлігіміз де өз әуенінен жаңылар емес. Әлсін-әлсін маңайына жанар жүгірткен Сарбан ән үзілісі арасындағы тыныштықты бұзып:

– Байқайсыңдар ма, ұзын жолдың бойындағы түрлі-түсті жарықтар бір үзілген жоқ, – деді терезе жамылғысын сырғыта көтеріп.

– Шындығында солай. Қызылды-жасылды түнгі оттар Мекке мен Жидданы қосады екен, – деді Альберт те қостап. – Құлазыған иен даланы арабтар жасандырып, керемет құлшыртып жіберіпті.

– Байлықтың арқасында, мұнайдың арқасында.

– Жо-о-қ, Азержан олай деме. – Бағанадан үн-түнсіз бас шұлығып отырған Дәулеткелді көмейіндегісін ірікпеді. – Меніңше, гәп мынада. Ең алдымен, өз елін, өз жерін құлай сүйген жандардың патриоттық түйсік-сезіміне байланысты. Байлықты орайымен ұқсатуда, ретімен халық игілігіне айналдыруда болса керек. Әйтпесе, байлық кімде жоқ. Мәселенки, сендерде мұнай, бізде – Түркіменстанда газ шашетектен. Сөйте тұра бейшара тірлігіміздің, мүшкіл халіміздің жайы баршаға мәлім. Жұртымыз әлі де жұпыны өмір сүруде. Оны несіне жасырамыз. Қайта, сіз бен бізге қарағанда Қазақстанның жағдайы тәуірлеу тәрізді. Жаңа астаналарын тұрғызып, мына өзіміз тамашалап келе жатқан автобандар секілді трассалар мен темір жолдар салуда. Естіп жүрміз, көріп жүрміз. Қазақ Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты қазір жер жүзі біледі. Бауырларымыз Еуропаны мойындатып ОБСЕ-ге төрағалық етсе, енді міне, мұқым мұсылман әлемін, дүниені өздеріне аударуда. Ислам Конференциясы Ұйымының төрағалық тізгінін ұстаған. Қазақстандықтарды Сауд Арабиясы да жақсы білетін сықылды. Құрғақ, бос жел сөз емес. Жігіттерден сұрастырып білсем, биылғы қажылықта Қазақстаннан төрт мыңнан астам мұсылман жүр. Тіпті, бәрін айт та, бірін айт демекші, Қасиетті Мекке-Медине топырағын басып, қадау-қадау біздің ортамызды толтырып он бес-жиырма журналистің жүргені қандай бақыт, қандай мерей.

Рас. Еңсем көтеріліп, беделім биіктегендей. Түркіменстанның ұлттық телевизиясының Бас редакторы болып қызмет істейтін Дәулеткелді достың жүрекжарды лебізі жан семіртеді. Тәжірибесі мол журналистің көргені мен түйгені де көп-ақ. Өзі өлең жазатын көрінеді. Сөз ләмінен аңғарғанмын. «Қажылық ғибадат кезіндегі әсерлерімді жыр жолдарына түсірудемін. Жобалауымша «Мекке маржандары» атты өлеңдер шоғырына топтастыратын шығармын. Құдай қаласа елге барған соң бірнеше өлеңдерімді өзіңе жіберем. Қағбаны алғаш көргендегі толғанысым миымда пісіп келе жатқандай. Қонақ үйге барған бойда қағазға түсіремін ғой. Қарашы, дөңгеленген манайыңа, өрілген өлең, тұнған жыр...»

Біздің әңгімемізді көкжелкемізде отырған Исмаилдың қоңыр үнді мақамы бұзды. Өзара сыбырласып-күбірлесіп, қалғып-шұлығып келе жатқандар тегіс құлақ түрген. Шри-Ланкалық қаршығадай ғана қағілез де, қайсар жігіт Ясин сүресін (Меккеде түскен сексен үш аяттан тұратын бұл сүрені Иа-Син деп те атайды) әдемі нақышпен ырғақтата жөнелді. Әуелде ойлағанмын бірер аятты үзіп-үзіп айтатын шығар деп. Жоқ, олай болмады. Екпіндете, лекілдете әндете зуылдатқан ол

мүдірсейші. Жағымды да, құдіретті сарын жан-дүниемізді елжіретіп, баурап алғаны анық. Осы орайда ескерте кетер жәйт, Африкадан, Араб елдерінен, сондай-ақ шалғайдағы Шығыс мемлекеттерінен бас қосқан журналистердің дені шарифат ғұрыптарын жақсы меңгерген әрі діни сауатты. Көбі Құранды жатша соғады. Екі-үш тілде сөйлейтін олар бір-бірімен еркін пікір таластырып, айтыса кетеді. Сүйсінерлік те, қызығарлық. Ұзақ сүрені жаңылмай айтып шыққан Исмаилға дән риза болған қажылар ду қол шалақтап, мерейін марқайта мақтаған. Бәрі-бірін жыға түсінбесек те, сапарластарымыздың көңіл хошынан оп-оңай аңғарасың.

Артыма мойнымды созып, оң қолымды көтере ишара жасадым.

– Жарайсың, Исмаил!

Екі көзі оттай жанған ол әдетінше сымбырлай сөйлеген:

– Казакстан... Жәннәт хажи... Рахмат-рахмат. Иншалла...

Жиддада басымыз біріккен журналистердің ішіндегі пысығы да, жұғымдысы да осы киіктің кенейіндей жұқалтаң жігіт көбіне бізді төңіректейді. Қара құрылықтан келген өзі түстес серіктеріне жоламайды. Өзі екі-үш тілді түсінетін тәрізді. Сондықтан болса керек, кез келген жерде, кез келген сәтте бейтаныстарымен тіл табысып, тіпті қалжындасып шыға келеді. Өзілкеш те, қушыкеш. Альберт екеуі екі-үш ауыз сөзден-ақ ұғысады. Мейманханадағы баспасөз орталығында түннің бір уағына дейін компьютерге кадалып, қажылық сапардың әр күні сайын Шри-Ланкаға – ел астанасы Коломбоға жедел репортажын жөнелтіп жатады. Ертеңіне интернеттен өзі жазған материалын рахаттанып оқып отырғанын талай рет көрдік.

Исмаилмен алғаш танысқандағы екі жағдай әлсін-әлсін көз алдыма көлбеңдейді. Қонақ үйдің бірінші қабатындағы атшаптырым холлда шоғырлана-шоғырлана қойылған жұмсақ дивандардың бірінде әңгіме-дүкен құрып отырған біздің жанымызға ұзынды-қысқалы екі жігіт жақындаған. Әп дегеннен шүйіркелесіп кеттік. Екеуінің де жүздері қап-қара қазандай, аксиып күлген кезде маржандай тістері ақ мәрмәрдай боп шалынған. Тобығына шейін төгілдіріп алабажақ ұзын көйлек киіп алған бойшандауының аты – Адам екен. Чадтан келген журналист көрінеді. Салмақты, сөзге сараң. Кетер-кеткенімізше осы мінезінен таймаған. Әуелде еркектердің әйелдерше салпы етек көйлек киіп жүргендері оғаштау көрінгендей еді, келе-келе бұған да көзіміз үйреніп кетті. Өйткені, Африкадан келген журналистердің барлығы дерлік жай уақытта өздерінің ұлттық киімдерін шешпей, маңғаздана масаттанып жүрді. Бұдан менің байқағаным, олардың салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа беріктігі мен құрметі. Чадтық жігіттің жанындағы жаңғалақ – осы Исмаил болатын. Менің сол қолымның шылдыр шүмегіне тағылған төрт бұрышты алтын жүзігімді көріп шіңкілдеп қоя берсін. Қапелімде ештеңе ұқпағаным анық. Елемей, теріс бұрылғам.

Бірақ, «Харам-харам» деген сөздері миымнан да, көкейімнен де кетсейші. Қасымдағы жігіттер де қызылкенірдек боп дауласпаса да, өз пікірлерін ортаға салған. Бір пәтуаға келе алмаған тәрізді. Себебі, бәрі де қажылық шарттарынан, яғни ережелерінен хабардар. Мен де жоғарыдағы нөміріме келіп, күнілгеріден әзірлеп жинақтаған, жазып алған ескертпелерді аударып-төңкеріп зерттегенмін-ді. Қажылық анықтамалықтарда тайға таңба басқандай ап-анық көрсетілген тұстарын парақтап шықтым. Қателеспеген секілдімін. «Ихрам кезінде рұқсат етілген іс-әрекеттер» деген тақырыпшада жазылғандарды үзіп-жұлып келтірмей, тұтас ұсынғанды жөн санадым. Қажылықтан үміті бар әрбір мұсылманның есінде жүргені абзал. Артық етпес.

1. Сағат, жүзік және көзілдірік тағу.

2. Тобықты жаппайтын аяқ киім кию.

3. Құлақтың дұрыс естуіне немесе түрлі хабарлар тыңдауға керек заттарды пайдалану.

4. Жастық жастану.

5. Белдік тағу және төлқұжат, басқа да қағаздар мен ақша салатын дорба асыну.

8. Автокөлікке міну және көлеңкені паналау.

9. Қолшатыр ұстау немесе басқа жүк қою.

11. Жарақаттанған әсерді матамен немесе дәкемен таңу, ихрам киімін ауыстыру немесе жуу.

12. Шомылу, басты жуу. Жуынған кезде шаш өздігінен түсер болса, оқасы жоқ. Ихрамдағы кісі білместікпен басын бүркейтін болса, білген сәтте басындағы затты алып тастауы керек.

Жүректегі күдік сейілгендей. Демек, қажылық ғибадаты кезінде жүзік, сақина тағып жүруге болады. Сөйтсе де бір гәп көңілден кетпейтін сияқты. «Кім біледі, мүмкін, алтын жүзік киюге болмайтын шығар?..» Олай ойлайын десең, жоғарыда айтылған сағат, көзілдірік алтын болса ше?! Жалпы, кей елде мұсылман ер кісіге қымбат таза жібектен көйлек киіп, алтын жүзік тағуға шектеу бар секілді. Күпті күмәннан оп-оңай құтылдым. Басымды қатырмай, саусағымдағы сақинамды шешіп алып, жол шабаданыма тығып тастадым. Мейлі жұрт не демейді? «Әр елдің салты басқа». Айтпақшы, Исмаилды екінші рет жыға танығаным, Жиддада Ақпарат министрлігі ұйымдастырған жүздесуде. Елдің баспасөз жөніндегі Бас уәзірі бүкіл бас көтерер ығай-сығайларымен бірге жүзден астам журналисті жылы шыраймен қабылдады. Дөңгелек үстел басында емен-жарқын әнгіме өрбіді. Мәслихаттың алтын тіні – қасиетті миссия хақында, Мекке-Медине туралы, Саудияның бүгіні мен болашағы, Ислам әлемінің тіршіліктің тынысы. Көңілге шуақ үйірген ұмытылмас кездесуді жергілікті араб телеарналары қайта-қайта көрсетіп жатты. Осы алқалы басқосуда Шри-ланкалық Исмаил Қазақстан мен Орта Азиядан келген қаламдас

әріптестері, яғни біздер жайында жылы лебіз білдіріп, толғақты проблемаларды да ортаға салған. Әсіресе, біз секілді журналистерге жеке-жеке аудармашылар бөлгеннің еш артықтығы бола қоймас деген ойын шегелеп жеткізген. Сөзінің тобықтай түйіні мәлім. «Біз бір-бірімізді бұдан да жақсы тани түсер ек...» Дұрыс уәж. Мерейлендік, қуандық. Ұмытып бара жатыр екенмін, осы жүздесуге Альберт басына гутра – қызыл ала шаршы орамал жамылып, үстіне аппақ ұзын етек, ұзын жең арабтың ұлттық жазғы көйлегі – дишдаш киіп барды. Құдды арабтың өзі! Айнымайды-ау, айнымайды!..

Ясин сүресін мүдірмей айтып шыққан Исмаил менің саусақтарымды тарамыс қолдарымен сипалаған бойда, жерден жеті қоян тауып алғандай айғайлап жіберді. Оның қуанышын сезе қойған мен қос алақанымды жайып көрсеттім. Ыржалақтаған ол «Дұрыс жасағансыз» дегенді ишарамен аңғартқан.

Мекке қақпасынан әлдеқашан ұзап кетсек те, алабұртқан сезімімнің екінін басылсайшы. Әр нәрсеге алаңдап, біресе ән тындап, енді бірде сүре сазына елітіп, ойым он сакка бөлінсе де жанарымның алдынан қарауытқан Қағбаның, самаладай жарқыраған әл-Харамның сұлу сұлбасы кетпей-ақ қойған. Әрине, Ислам Әлемінің ұлы ғибадат орталығына айналған Меккенің осылайша бірден жайнап, жарқырап тұра қалмағаны баршаға мәшһүр. Мұсылман қауымның ыстық ықыласын қоздатаып, ырық-ынтасын жалындатқан бұл қасиетті Меккенің сан ғасырлық тарихына тереңірек үңілген сайын аңыздай шертілер ақиқаттың мән-жайына қаныға түсесің. Оның үстіне күнделікті газеттер мен араб теле арналары бұл өңірдің ежелгі көне тарихынан мағлұмат берер деректерді жиі жариялап-көрсетуде. Жазғандарды ұқпасақ та, теледидардан көрсетіліп жатқан мұрағаттық жәдігерлерден көп жайды аңғару пәлендей қиын емес. Өткеннің ізі суреттермен, түрлі сызбалармен кескінделген. Зер салған жанға тарихтың өзі тіл катады-ай. Көгілдір экрандағы бейнелер – бұрынғы мен бүгінгінің арасын әп-әдемі қабыстырып, үзілдірмей жымдастыра жалғап жатыр. Құлазыған қу медиен сары дала, ыстық аптапка өркеш-өркеш жоталарын күйдірген жалаңаш таулар сілемі, ұбақ-шұбақ марғау ілбіген түйелер керуені... Енді бір мезет осынау бұдырсыз бел-белестің қойнау-қойнауы жасыл абатқа оранған, ноқатсыз зенгір көкте қалықтаған құстар мен бұрқақтай атқылаған бұлақ суына бас қойған үйме-жүйме жұрттың кескіндеріне ұласады... Артынша жұпыны, жұтаң аймақта асқақтай бой көтерген Меккенің бүгінгі ғажайып ди-дарымен қауышасың...

Сары үрпек бала кезде естіген ертегідей жаңғырады. Көк сандықтың ішіне кіріп кеткендеймін бе, қалай? Ең алғаш Мекке туралы нағашым Төлеген атамның аузынан естіген едім. Еміс-еміс есімде. Мектеп табалдырығын аттаған жылдың қоңыр күзі, жоқ әлде үшінші

сыныпта оқып жүрген кез. Болат екеуіміз қол ұстасып ауылдың шетіндегі бөлектеу саман үйге – атамның ұстахана-дүкеніне тарттық. Жол-жөнекей бізге ағалы-інілі Шағай мен Кәтен ілескен. Күндегі ғадетіміз. Сабақтан соңғы бос уақытта бір мезгіл дүкенге соғып, көрік басып жатқан атама қолғабыс жасаймыз. Қайбір көмек. Нағашымның жанында айналсоқтап жүріп, қып-қызыл шокты екі ұртын толтыра үрлейтін алып мес – көрікті тамашалаймыз да.

«Қандай жақсы болды, келгендерің. Кәне, көрікті кезек-кезек басып жіберіндерші...» Маңдайының моншақтаған терін күректтей алақанымен сипалаған Төлеген атам астаудағы суға малып қойған шомбал, жалпақ темірді көріктің аузындағы бет қарыр отқа «быж-быж» еткізіп сұға салады. Кәшәуа шананың табаны екенін білеміз. Өткенде атамның өзі айтқан. Ұста атамның қолынан келмейтіні жоқ. Жыл – он екі ай бойы дамыл таппайды-ау. Қараталдың жағасынан арба-арба сәмбі тал қиып әкеліп, ала жаздай киіз үйдің сүйегін құрайды. Ырдуан арбаның алты, сегіз көз доңғалағын құрсаулап, жайдақ шана мен сүйретпе, есік-терезе мен балта-кетпеннің әрқилы саптарын жасайды. Дөңбек ағаштан тостаған, ожау секілді ыдыс-аяқтар ойып, домбыра шабады.

Зергерлігі де керемет. Кез келген қажетсіз жатқан қара темірге жан бітіріп, ғажайып бір бейнеге айналдырып жіберетін өнеріне басымызды шайқап тәнтіміз. Бірақ, несін жасырайын, атамның ісмерлігіне жіті назар бөлмеппіз. Қазымырланып айтқан ақылы мен кеңесіне жете мән беріп, құлақ аспаппыз. Зергерлік өнердің қыры мен сырын, жұмбағы мен құпиясын зердемізге ұялатып алуға құлықсыз болған дәрменсіздігімізге өкінгендеймін. Бармақ шайнағаннан басқа қайран жоқ. Бәрі де кеш. «Мына заманның түрі жаман. Не боп барады, осы? Өзім де түсінсемші. Ата кәсіптен жерігені несі?! Ескінің сарқыншағы дей ме? Ұлттық өнерімізге шекеден қарау – мен білсем, жақсылықтың нышаны емес. Көрік басып, темір шеку, сырмақ ою... түбінде жоғалып кетер. Жүрегім сезеді менің. Баба тізгінін ұстап қалар деген боқташақтардың түрі мынау. Ықылассыз, ынтасыз, намыссыз кикым-сикым. Жарайды, көрігім қалар қаңырап. Ал, қара қобызыма не табылар ма? Тіпті, оны ойнамақ тұрмақ, ұстауға үрейленеді. Тамырымыз үзілмесе екен, әйтеуір...» Әлгінде сездірдім ғой. Нағашымның алаң көңілін жыға түсінбептік. Тіпті, мән бермепптік. Бала-жүрек нені топшыласын? Зергер атамның ашуы да тез тарайды. Мейірін қайта төгеді.

Көңілі түссе қайың бездерінен, түрлі асыл металлдардан әшекейлеп, әлеміштеп үлкенді-кішілі аң-құстардың мүсіндерін де жасап, бізге сыйға тартады. Көрдіңіз бе? Ағаштан ою ойып, темірден түйін түйген атамның дүкенін біздің не үшін жағалайтынымыз. Иә, солай.

... Ұстахананың қос қақпалы есігі айқара ашық. Әншейінде сондайда саңқылдап қарсы алатын атам көрінбейді. Пыс-пыс ырсылдап жататын көріктің де үні өшкенге ұқсайды. Құлаққа ұрған тыныштық.

– Дүкенде ешкім жоқ секілді. Есігін неге ашып кеткен, ә? – деді Болат жүгіре ілгері озған беті. Артынша алақанымен аузын жауып, сыбырлай сөйлеген. – Іште намаз оқып жатыр.

Табалдырықтан аттар-аттамастан жүрелей тізе бүккен Болаттың жанына жайғастым. Адамның құшағы жетпейтін дөңгелек дөнбектің үстіне қойылған, бір ұшы үшкілдеу келген үлкен төс пен көріктің аралығындағы аядай қуысқа қыстырылып намаз оқыған атамның әр әрекетінен көз жазбай отырмыз. Бір тұрып, бір еңкейіп, жарты айдың суреті кестеленген ақ шүберек сәждеге басын тигізіп күбірлеген нағашым қос алақанымен бетін сипалай бойын түзегенде жарыса шу ете түстік:

– Қабыл болсын!..

– Әумин, құлындарым! – деген атамның жауабынан оның көңіл күйін аңғара қойған мен бағанадан бері көмейіме тірелген ойымды білдірдім.

– Ата, намазды мына бір кең жерге оқымайсыз ба?

– Иә, Жанаттікі дұрыс, – деді бір бүйірден Кәтен мен Шағай қосарланып.

Қырғи қабағы ұдайы катуланып, сұсты көрінетін атамның жүзі де, сөзі де жұмсақтау сезілген. Қалбалақтап келіп, көріктің алдындағы аю терісімен қапталған арқалы орындығына қонжиды. Ұзынша темір сапты қалағымен пықсыған қоламтаны батыра қозғап-қозғап жіберді. Өзі сөйлеп отыр.

– Е-е, боталарым, сендердікі де жөн. Бірақ, ыңғайсыздау. Намазды Құбылаға қарап оқу керек. Тар жерге текке қыстырылып жүр дейсің бе? Әйтпесе...

– Құбыла деген не, ата? – деді Болат күмілжіп.

– Қасиетті Меккені айтады ғой, қарактарым. Алланың көктен түсірген қасиетті қара тасы да, Құдайдың үйі – Қағба да сол қасиетті Мекке шаһарында. Айтпақшы, қара тасты Байтүллә деп те атайды. Естерінде жүрсін, шырақтарым. Әйтеуір Құранда солай деп жазылған.

Бәріміздің көмейімізді бүлкілдеткен сауалға атам баппен өзінше жауап берген. Шынын айтқан жөн-ау. Біз көп нәрсені түсінбедік. «Құдіретті күшті Алла тағаланың аспаннан жіберген қара тасы көк пен жердің арасында қалқып тұр екен. Арам пиғылды, күнәға батқан, теріс ниетті адамдар астынан өткенде жаншып, басып тастайды» дегенде үніміз шықпай, жер шұқып қалғанымыз анық. Жүрегіміз ұшып, қатты қорыққанбыз. Бір-біріміздің құлағымызға сыбырлап, күбірлескенімізді ұнатпаған атам:

– Неменеге таңырқайсындар, – деді манайын шола.

– Ата, Базархан мұғалім сабақта бізге Құдай жоқ, сенбендер деді.

– Иә, дәл солай деді, – деп қоштай жөнелдік.

Күнұзақ беймарал емен-жарқын отырған нағашым тас-талқан ашуланып, зеки үн қатты:

– Астафиралла! Тәйт әрі! Құдай жоғы несі, тілдерің байланып қалмасын. Өйгіп ғайбат сөйлемендер. Сендерді Құдай жаратпағанда, кім жаратты?! Жок, әлде Базархан мұғалімдерің бе? О-ой, Алла тағала, кешіре гөр! Мұғалім ағаларың қызыл көмінүс, төс қалтасында Лениннің пәртіреті бар қызыл партбилеті бар. Ол меніңше Құдайдан емес, содан қорқады. Бос бекер сандырақтап жүр. Он сегіз мың ғаламды жаратқан тек бір Алла, оған ешқашан серік қоспандар. Қане, тарандар өңкей қызталақ. Құдай жоқ дегендеріңді екіншілей естімейтін болайын. Бұл пенде не боп барады өзі? Жаратушы иемнің алдын көрмейміз дей ме, сонда? Кеңестік дінсіздердің түрі жаман. Көп жұрт мінәжат етіп, бетін сипаудан қалды. Намазға жығылғандар азайып, Алладан қорыққандары ғана парыздарын жасырынып оқып жүр. Құдайсыздар бұ бетімен қайда апарып соғады екен. Әй, кім білген десеңші, дүниенің осылайша шыр айналарын?..

Расында Төлеген атамның қынжылысын өте кеш түсіндік. Дер кезінде екшеп-елеуге өреміз жетпеген. Енді міне көгілдір экрандағы эпизодтар мен атамның ертегідей жаңғырар әңгімесі тарих тылсымына бойлатқандай. Бәрі-бәрі аңыз әфсаналардан жүлге тартып жатқандай емес пе еді.

... Шөл далада бұлақ атқылайды. Ана мен бала аман қалып, құс қонақтап, керуен аялдаған құлазыған мекенде Меккенің негізі бой көтереді. Ысмайыл ер жетіп, үйленіп, осында тұрып жатады. Шешесі Ажар осы жерде қайтыс болады. Оларды іздеп келген Ибраһим Алланың аян етуімен, ұлы Ысмайыл екеуі Байтулланың іргетасын қалайды. Ысмайыл тас тасиды, Ибраһим (с.ғ.у.) қабырғасын тұрғызады. Мінеки бүгінгі таңда әлем көз тіккен Меккенің, жер жүзінің мұсылмандары бас қосқан әл-Харамның ең алғашқы кірпіші осылай бой көтеріпті. Онан кейін де талай дәуір, талай заман өз ізін бедерлейді. Жамағатты ізгілік пен имандылыққа ұйытқан Ислам діні пайда болған соң Мұхаммед ғалайсалам өзгеше қасиетті ғимаратты мінәжат орнына – Алланың үйіне айналдырып қана қоймай, бөлекше қастерлейді. Бұл жөнінде тарихи діни деректер сыр шертеді. Шағын мінәжат орнына құрметпен қарау дәстүр үрдісі боп қалыптасқан. Халифа Омардан (р.а.) бастап, онан кейінгі барлық патшалар мен билеушілер Қағбаны көздің қарашығындай сақтауға, күтіп-ұстауға, оның аумағын мейлінше кеңейтіп отыруға ден қойған.

Бұған дейінгі жүргізілген жұмыстарды, әр халифтің тұсында тындырылған игілікті істердің көрінісін көне жәдігерлерден айқын байқайсыз. Әр жылдары жарық көрген «Мекке мен Медине мешіттері»

атты кітапшалар мен қолымызға берілген баспасөз парақшаларынан қызықты деректерді көптеп келтіруге болар еді. Өйтпедік, тек өзіміз көзбен көріп, тамашалаған сәттерге тікелей қатысты елең еткізер дәйектер мен цифрларға көп жүгінгенді дұрыс санадым. Себебі, біз кейде орасан еңбектің, қыруар жұмыстың нәтижесін цифрлармен бейнелеуге, өрнектеуге ден қоймаймыз.

Осы орайда әл-Харам мешітін (әл-Бейт әл Маамур) қазіргі көздің жауын алар сән-салтанатқа айналдырудағы Саудтар династиясының айрықша сіңірген еңбегін қадап айтсақ керек.

Сауд мемлекеті қалыптасып, құрылғанға дейнігі ең соңғы жөндеу, мешіт аумағындағы сүренсіз, жұпыны, іркес-тіркес үйлерді бұзып, кеңейту жұмыстары мұсылман күнтізбесі бойынша 306-шы жылы (біздің дәуіріміздің 918 жылы) жүргізіліпті. Әрине, онан кейінгі Жер бетіндегі өзгерістердің, әсіресе, Ислам әлемінің қарыштап дамуы өркениетті көзқарасқа кеңінен жол ашқаны мәлім. Қасиетті Меккеге келуші құлшылық жасаушылардың легі еселеп өсе түсті. Замануи транспорт пен байланыс жүйелерінің өркендеуі ел мен елді, халық пен халықты жақындастырып, мұсылман бауырлардың мақсат-мүдделерін ортақ арнаға тоғыстырды. Қажылар саны жыл санап артып, оларға көрсетілер қызмет сапасын жаңа талаптарға сәйкестендіру міндеттері туындаған.

Адам қиялы жетпейтін орасан жұмысты ширек ғасырдың ішінде жүзеге асыру үшін король Фахд бен Әбдел Әзиз әл-Сауд мұсылман күнтізбесі бойынша 1375 жылы (1955 ж.) әл-Харам мешітін түбегейлі күрделі жөндеуден өткізіп, әрі жаңа құрылыстар қосып кеңейтуге пәрмен шығарады. Тәуекел жоспарын кезең-кезеңімен жүргізу шаралары нақты көрсетеледі. Яғни, Меккедегі ұлы құрылыс 1955, 1959, 1961 және 1975 жылдарға бөлініп, үзіліссіз қарқынмен, біріне-бірі жалғастыра жүргізіледі. Мұның өзі бүкіл шаһардың инфрақұрылымына елеулі өзгеріс енгізгені аян.

Ғасыр ғимаратын егжей-тегжейлі тізіп, суреттеп шығу еш мүмкін емес. Сөйтсе де Мұсылман әлемінің ең қасиетті ғибадат орталығының қайта түлеу, жарқырап жаңару кезеңіндегі атқарылған игілікті істердің қомақтыларына тоқталғанды құп көрдім. Көзі қарақты ағайынның жадында жүргені абзал. Сонымен, алғашқы кезеңде Маса мен Маруаға таяу маңдағы ежелгі сүренсіз тұрғын үйлері, сауда орындары тұтастай сырылып тасталды. Сафа мен Маруада түйісетін негізгі жаңа жолдар салынды. Мешіттің Маса бөлігінің екінші қабаты көтеріліп, ішкі аумағы кеңейтілді. Құлшылық жасаушылардың көбірек сыйып, емін-еркін намаз оқуына мүмкіндік беретін жаңа құрылыстың осынау тұсын цифрлармен былайша сипаттар ек: ұзындығы – 395, 5 метр, ені – 20 метр. Ал бірінші қабаттың биіктігі 12 метр болса, екінші этаждың биіктігі – 9 метр. Сәнді

де, сәулетті бағаналар арқылы біріне-бірі ұласқан зәулім, заңғар залдардың еңсесі зор, ауасы кең.

Сондай-ақ, қажылық рәсімдердің басты шарттарының бірі – Сафа-Маруа аралығындағы жүгіретін жол өте ыңғайлы етіп қайта жаңғыртылған. Кең де ұзын дәліз. Бір елең етерлігі, осы жолдың төбесі әлденеше күмбезді шатырлармен жабылыпты. Саялы сабат көлеңке. Әсем безендірілген дөңгелекше күмбездерден лекіген салқын самал өкпе қыспайды. Тоқтаусыз сарылдап тұрған зәмзәмді құмартта ішіп алған үлкен-кіші асыл парыздарын мүлтіксіз орындауға ұмтылады. Халық ағысы қарама-қарсы екі бағытта қозғалады. Бірі Сафаға, екінші жағы Маруаға қарай.

Мешітке кіріп-шығатын қақпалар мен көтеріліп-түсетін баспалдақтар саны да көбейтілген. Өскелең өмір қажетіне орай кәріз бен канализациялар жүйесі де жаңартылып, құлшылық етушілердің жуынып-шаюына, дәрет алуына қолайлы жағдайлар жасалып, мыңдаған кабиналар жабдықталған.

Келесі кезеңдерде жабық галереяның іргетасы, аркалы қабырғалар, көк тіреген мұнаралар, жаңадан салынған мешіт төбелері гранитпен, мәрмәрмен, аса бағалы зертастармен қапталып, исламға тән ою-өрнектермен әдіптелді. Соңғы кезеңде әл-Харамның құрамдас бөлігі саналатын Оңтүстік-Батыс қанатының құрылысы толықтай аяқталып, Мекке «метросы» – ұзындығы 3,5 шақырым болатын туннель мен көп қабатты жолдар пайдалануға берілді. Мешітті айналдыра үлкен бес алаң жасалып, қалың көпшіліктің қиналмай-қысылмай кіруі үшін қақпа-есіктердің саны 27-ден 64-ке дейін көбейтілген. Сөйтіп өзіміз қызыға, ынтыға тамашалаған алып мінәжат орнының жалпы аумағы әу бастағы 163 873 шаршы метрден 400 000 шаршы метрге дейін ұлғайтылған. Кешенді түрде тиянақты жүргізілген шаруаның бір парасы әл-Харамның іші-сыртындағы 1453 алты қырлы, әр қилы биіктегі бағаналар мен зеңгір көкке бой созған мұнараларды піл сүйегі түстес ақ және сұр мәрмәр тастармен қаптап, оларды түрлі-түсті жарықтармен сәулелендіруге 71 алып зүмірет шамдал, 6 000 неон шырағдан мен 174 прожектор орнатылған. Әлгі әшекейлі бағаналардың бойына тартылған кондиционер желілері аптапты қапырықта мешіт ішінің ауасын қоңыр салқын қалыпта ұстап тұрады. Қарттар мен мүгедектерге арнап 11 жылжымалы жол жасалған. Сағатына 15 000 адамға қызмет көрсететін 56 эскалатор, ондаған лифт пайдалануға берілді. Әрине, Алланың алдындағы қасиетті парызын адал, мейлінше дұрыс орындау үшін жарымжан пенделердің көңіліне сызат та, қаяу да түспегені жөн-ау. Жоғарыда қадап-қадап тізбелеген қыруар жұмыстарға қоса қасиетті Қағбаны, оны айнала жүретін Матафа алаңы мен Ибраһим пайғамбардың қабірі қайта жаңғыртылды.

Кезең-кезеңімен қырық жылға созылған осынау ұланғайыр жұмыстың нүктесі 1996 жылы Исламаттың ұлы мейрамы – Құрбан айт қарсаңында қойылады.

Әл-Харам танымастай өзгереді. Әлемнің бүгінгі кереметтері қатарына қосылған ғажайып ғимаратпен бірге, Мединедегі Мұхаммед Пайғамбарымыздың мешіті де қайталанбас жаңа түрге енеді. Бүгінде араб жұрты өз елінің мәлігін (король) құрметтеп, лауазымына «Киелі екі мешіттің қамқоры» деп ығи қосып айтады. Король Фахд бен Әбдел Әзиз сол кездегі тақ мұрагері Абдаллаға әл-Харамдағы қасиетті Қағбаны жуып шығуды тапсырады. Сөйтіп жауапты да, маңызды міндет үлкен абыроймен аяқталады.

Құдды қиял-ғажайып ертегілер еліндегідей, менің зергер нағашым Төлеген атамның аңызға бергісіз әңгімесінде айтылатын қияпат кейіпке айналған, әлемге әйгілі мұсылмандардың ортақ ғибадат үйі – Мәсжид әл-Харам (Құранда осылай аталады) бұл күнде Исламият дүниесінің ұлы мінәжат орталығы саналса керек. Төрт жүз мың шаршы метр жерді алып жатқан қасиетті мешітке әдетте 800 мыңдай адам сиятын болса, умра және үлкен қажылық кезінде тәуеп етушілер мен ғибадат жасаушылардың саны миллионнан асып жығылатын көрінеді. Ғажап демей, керемет демей көріңіз!..

Осындай таңданыс әсер үстінде әлемдегі ең үлкен әуежайлар мен алып стадиондар ойға түседі. Барлық мүмкіндігі бар әуе қақпалары мықтағанда тәулігіне жүз мыңдаған жолаушыларды қабылдап, жөнелте алады. Ал планетамыздағы ең үлкен стадион «Маракана» (Бразилия) 200 мың жанкүйерге арналған. 1989 жылы пайдалануға берілген Солтүстік Кореядағы «May Day Stadium-ға» 150 мың, ал Үндістандағы «Salt Lake Stadium» спорт ошағына 130 мың адам сияды. Сондай-ақ, Мексикадағы «Ацтек», Мәскеудегі «Лужники», Лондондағы «Уэмбли» стадиондары да ғажайыптар қатарына жатады. Бірақ, ешқайсысы да әл-Хараммен иық тіресе алмайды.

Айтпақшы әл-Харамды жаңғыртуға жұмсалған қаржы да керемет: 30 миллиард сауд риалы, яғни 11 миллиард америка доллары!

Әйгілі мешітке жолы түскендер бар ықыласымен Қағба түбінде намаз оқуды ойлайды. Оның да сыры бар. Мұнда оқыған бір намаз басқа мешіттерде оқылған намаздардан жүз мың есе артық екенін Пайғамбарымыз (с.ғ.у.) өз хадисінде айтып кеткен. Ал Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.у.) қасиетті мешітінде оқылған әрбір намаз басқа жердегі мешіттерде оқылған 1000 намазға татиды. Демек, қажылар бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланып, намаздарын еселейтіні мәлім. Өз басым сол бақытты жандардың ортасында жүргеніме қатты қуандым.

Иә, әл-Харам хақындағы хисса-хикаялар қилы-қилы күйге бөлеп, айрықша қанаттандырды...